«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

# НОВАТОР

25 ақпан
2022 жыл
ЖҰМА

№ 4 (4492)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW. ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:




САҚ ЖҮРСЕҢ – НАҚ ЖҮРЕРСІҢ!




МЕЧТАЮ, ЧТОБЫ МОЙ СЫН РАБОТАЛ НА ЗАВОДЕ




## ҚЫМБАТТЫ АРУЛАР!
## СІЗДЕРДІ 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НӘЗІК ЖАНДЫЛАР МЕРЕКЕСІМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Осындай тамаша мереке күні – қамқор аналар мен адал жарға, іскер серіктестер мен сенімді достарға деген ризашылық пен құрмет сезімдерін білдірудің тағы бір тамаша мүмкіндігі. Бұл нәзіктіктің, сұлулықтың және көктемгі жаңарудың ерекше мерекесі.

8 Наурыздың басталуымен біз әдеттегідей көктемнің келуін – жаңашылдықты, жақсы жаққа өзгерісті білдіретін жыл мезгілімен байланыстырамыз. Осы көктем сіздердің жаңа бастамаларыңыз, батыл жоспарларыңыз бен күтпеген тосын сыйларға толы болып, ертеңгі күнге деген тұрақтылық пен сенімділікті нығайтсын.

Сіздерге зор денсаулық, отбасы бақытын, махаббат пен жылулық және де шығармашылық шабыт пен сарқылмас қуат тілеймін!

Мереке құтты болсын! Сүю һәм сүйікті болу бақытына бөленіңіздер!

Құрметпен,
«АМӨЗ» ЖШС бас директоры Арман Қайрденов

## ДОРОГИЕ ЖЕНЩИНЫ!
## ПОЗДРАВЛЯЮ ВАС С ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫМ ПРАЗДНИКОМ – 8 МАРТА!

Международный женский день – это ещё один прекрасный повод выразить чувства признательности и уважения всем вам - заботливым матерям и верным супругам, деловым партнёрам и надёжным друзьям. Это неповторимый праздник женственности, красоты и весеннего обновления.

С наступлением 8 Марта мы привычно связываем приход весны – времени года, олицетворяющего обновление, перемены к лучшему. И пусть эта весна станет стартом для ваших новых начинаний, смелых планов и неожиданных приобретений, а вместе с тем укрепит стабильность и уверенность в завтрашнем дне.

Искренне желаю вам крепкого здоровья, семейного счастья, любви и тепла, а также творческого вдохновения и неиссякаемой энергии!

С праздником! Будьте счастливы и любимы!

С уважением,
генеральный директор ТОО «АНПЗ» Арман Кайрденов

QAÝIPSIZDIK
SAPA
TURAQTYLYQ

QazMunaiGaz
AMÓZ
ATYRAÝ MUNAI ÓŃDEÝ ZAÝYTY

БЕЗОПАСНОСТЬ
КАЧЕСТВО
СТАБИЛЬНОСТЬ

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

# ЗАВОДСКАЯ ЛАБОРАТОРИЯ: ВМЕСТЕ СО ВРЕМЕНЕМ

**ИЦ «ЦЗЛ» в рамках реализации программы «Цифровой Казахстан» внедрил и работает в электронном формате «Е-аккредитация». Этому нововведению способствовали изменения и дополнения, внесенные 5 июня 2020 года в приказ министра торговли и интеграции РК за №430 от 29 октября 2008 года. Изменения предполагали перевод аккредитации в цифровой формат с сохранением всех основополагающих принципов - доступности, прозрачности и беспристрастности.**

Изменения вступили в силу в июле 2020 года. При этом одновременно были отменены все ранее существовавшие процедуры аккредитации, то есть даже невозможно было подать заявку, пока не будет внедрен электронный формат аккредитации. Для ее внедрения Национальным центром аккредитации была выбрана цифровая бизнес-платформа QOLDAU, а в нем - раздел «Техническое регулирование». Данный раздел предназначен для автоматизации бизнес-процессов по вопросам технического регулирования, государственного контроля, стандартизации, аккредитации, оценки соответствия (сертификация) и обеспечения единства измерений (метрология).

Таким образом, с 13 июля 2020 года начался процесс цифровизации в системе управления испытательного центра «ЦЗЛ». В нем участвовали не только сотрудники нашей лаборатории, но и других подразделений завода: технического отдела, отдела главного метролога, бухгалтерии, департамента управления персоналом и оплаты труда. Непосредственно на бизнес-платформе QOLDAU трудились специалисты группы управления качеством. Они работали без выходных, по 12 часов в день.



В ноябре 2020 года ИЦ «ЦЗЛ» внедрил цифровой формат аккредитации в своей системе и получил электронный аттестат. С того времени наша лаборатория прошла первую инспекционную проверку, два раза - на расширение области аккредитации и несколько раз - на актуализацию материалов аккредитации.

Что нам дала цифровизация процессов (от подачи заявки до формирования аттестата аккредитации)? Во-первых, полное обеспечение прослеживаемости каждого этапа аккредитации как со стороны органа по аккредитации, так и со стороны субъекта аккредитации. Во-вторых, сокращение сроков аккредитации в два-три раза; в-третьих, сокращение сопутствующих технических и финансовых издержек. И, в-четвертых, исключен излишний документооборот и необходимость формирования отчетной информации.

Пользуясь возможностью, хочу поблагодарить прежнего руководителя нашей лаборатории Н.Ещанова, нынешнего начальника М.Шоханову, а также своих коллег С.Мендибаеву, Г.Сарсенгалиеву, А.Кусаинову, Ш.Курамшину, Г.Ашыгалиеву, Ж.Хаирову, Е.Куликову, С.Пастухову, Н.Абуову и, в целом, весь коллектив ИЦ «ЦЗЛ» за проведенную плодотворную работу.

**Акмарал ГУСМАНОВА,**
**заместитель начальника**
**ИЦ «ЦЗЛ» по качеству**

ДӘРІС

# САҚ ЖҮРСЕҢ – НАҚ ЖҮРЕРСІҢ

**Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің «Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» және «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламаларының профессор - оқытушылар құрамы мен студенттері «АМӨЗ» ЖШС қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің бас техникалық басшысының міндетін атқарушы Арман Димұқашев өткізген «Өндірістегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың жаңа тәсілдері» атты тренингін тыңдады.**



Онда зауыттың сипаттамасы, тарихы, өндірістік қуаттардың дамуы, жаңғыртудан кейінгі кәсіпорынның дамуы, еңбекті қорғау қауіпсіздігі мәдениетін арттыру бағыты, және өндірістік жарақаттануды төмендету бойынша іске асырылып жатқан іс-шаралар және тағы да басқа маңызды ұғымдар туралы сөз қозғалды.

Соның ішінде жеке міндеттеме карточкалары, біріктірілген менеджмент жүйесі, еңбекті қорғау саясаты сынды қауіпсіздік мәдениеті толық түсіндірілді. Сақтық шараларын сақтау – зауыттың басты қағидасы екендігін ұқтыруға тырысты. Сонымен қатар қатер төндірмеу мақсатында енгізілген жаңа бағдарламалар туралы сөз қозғады.

«2021 жылы Атырау МӨЗ-де бірде-бір өндірістік жарақат тіркелген жоқ. Дегенмен кәсіпорын ең ірі әрі қауіпті обьектілердің бірі болғандықтан, қауіпсіздік техникасы қатаң сақталуы тиіс. Осы орайда зауытта «Near Miss» бағдарламасының жүзеге асырылғандығын айта кеткен жөн. Ол апатқа, жарақатқа, мүлікке, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін кез-келген жоспарланбаған оқиға. Кішігірім оқиғаның себептері болашақта апатқа әкелуі мүмкін. Жарақаттануды азайту үшін жұмыс берушілер аталмыш бағдарламаны қолданады. Ол қызметкерлер үшін туындауы мүмкін қауіпті жағдайларды бақылауға және болдырмауға жағдай жасайды. Ол үшін мұндай жағдайлар қалай және неге болғанын анықтап, содан кейін түзету шаралары қолданылады», - деп түсіндірді Арман Димұқашев.




Өз кезегінде тренингке қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өздері таңдаған мамандықтарының қыр-сырын білуге тырысты.

Аталмыш кездесулер мен тренингтер алдағы уақытта да ұйымдастырылып, студенттердің теориялық қана емес, сала мамандарының тәжірибелері арқылы да білім нәрімен сусындауына зауыт зор үлесін қоса түспек.

**Арайлым ҚАБДЕШОВА**

ТРУДОВЫЕ ДИНАСТИИ

# «МЕЧТАЮ, ЧТОБЫ СЫН РАБОТАЛ НА ЗАВОДЕ»

**Знал ли скромный парень Ахмеджан Имангалиев в далёком 1969 году, что, придя на Гурьевский нефтеперерабатывающий завод, станет основателем очередной трудовой династии? Наш герой говорит, что нет, но серьёзно задумался над этим вопросом, когда подросли его сыновья.**



*Ахмеджан и Фатима Имангалиевы с младшим сыном Асланом*

Получив восьмиклассное образование в селе Есбол (тогда оно называлось Кулагино) Индерского района, Ахмеджан Имангалиев принял по-настоящему взрослое решение отучиться на токаря. Отработав более пяти лет на базе объединения «Казсельхозтехника», вскоре вместе с двумя друзьями-односельчанами наш герой отправился в Гурьев.

- В августе 1969 года меня взяли на работу на Гурьевский нефтеперерабатывающий завод токарем, - рассказывает ветеран. – Почти сразу же получил четвёртый разряд.

Здесь же он познакомился со своей будущей супругой – Фатимой Имангалиевой, вместе создали семью, вырастили двух сыновей и дочь. Как признался в беседе аксакал, в то время нелегко приходилось: скромная зарплата токаря не позволяла в полной мере обеспечивать семью. Поэтому через десять лет верной службы на родном заводе он откликнулся на приглашение тогдашнего руководителя химзавода.

- Там я проработал 17 лет, - продолжает он. – Когда химзавод обанкротился и закрылся, меня снова позвали на АНПЗ, где я уже остался до самого выхода на пенсию. Общий мой стаж на заводе насчитывает 26 лет. И я очень рад, что вернулся и получил возможность вырасти как профессионал, - добавил ветеран.

В отличие от супруга, завсегдатая шахматных соревнований, нередко проводившихся среди работников завода, а также в масштабах города и области, Фатима Имангалиева выбрала активную общественную жизнь:

- После окончания десяти классов я уехала из села Сафоновка, это в Курмангазинском районе, и прибыла в Гурьев. Поступила в техникум, выбрала специальность токаря. Потом по направлению попала в ремонтно-механический цех, так и устроилась на работу на Гурьевский нефтеперерабатывающий завод имени Ленина. Тогда предприятием руководил Анатолий Петрович Вакуров. И через какое-то время наш парторг предложил мне вступить в Компартию, - рассказывает Фатима Имангалиева.

Таким образом началась активная жизнь депутата Имангалиевой. Одновременно трудясь на заводе, Фатима Исмагуловна успевала справляться с партийными делами: избиралась в областной совет депутатов, стала членом исполкома.

- В общей сложности на заводе я проработала 14 лет – не так много, как поначалу кажется. Но со своей стороны могу сказать, что никогда не опаздывала на работу, рано не уходила, никаких нарушений с моей стороны не было. От имени Министерства нефтеперерабатывающей и нефтехимической промышленности СССР и ЦК профсоюза рабочих нефтяной, химической и газовой промышленности была награждена знаком «Победитель социалистического соревнования 1976 года». В 1975 году за выполнение личной пятилетки за 4,5 года получила бронзовый знак ЦК ВЛКСМ «Молодой гвардеец пятилетки». В 1976 году в Москве за трудовую доблесть получила медаль, - с гордостью показывает награды Фатима Исмагуловна. – Ни дня не сожалела о том, что пришла на завод.

После выхода на пенсию Фатима Имангалиева ещё долгое время проработала в системе «Облгаза», который дальше перешёл в ведение «КазТрансГаз Аймака»: вначале в качестве токаря, затем, заочно проучившись на слесаря, трудилась диспетчером, мастером, принимала непосредственное участие в проведении линий природного газа в новые микрорайоны Атырау. Дочь – Айжан Имангалиева – пошла по стопам матери, тоже работает в «КазТрансГаз Аймак».

- Что меня подтолкнуло выбрать именно завод? – удивляется на наш вопрос старший сын Имангалиевых Руслан. – В первую очередь, конечно же, совет отца. Кроме того, мне и самому хотелось продолжить трудовую династию, а также, чтобы мои дети подхватили это дело, поработали здесь, попробовали.

Так, послушавшись совета отца, в 2002 году Руслан Имангалиев пришёл на завод, где был принят в качестве слесаря третьего разряда. Позже, набравшись опыта, освоил профессию машиниста. Решив не останавливаться на достигнутом, в 2005 году, после строительства и запуска КУГБД на ППНГО, Руслан был назначен оператором пульта управления, где проработал около трёх лет.

- Дальше сдал экзамен на старшего оператора, трудился на должности старшего оператора, потом перевёлся начальником смены, а после реконструкции завода и строительства производства ароматических углеводородов принял решение перейти на новую установку и поработать здесь, - поясняет Руслан Ахмеджанович. - С тех пор работаю на этом производстве в качестве начальника смены.

Как и в случае с родителями, Руслан Имангалиев познакомился со своей будущей супругой - Лаурой Куанышевой - на заводе. Сейчас она работает экономистом в отделе бюджетного и экономического планирования департамента экономики и финансов, общий стаж её насчитывает более двадцати лет.



*Руслан Имангалиев и Лаура Куанышева*

Младший из братьев, Аслан Ахмеджанов, работает машинистом-компрессорщиком в цехе по производству глубокой переработки нефти. Трудовую деятельность начал в 2013 году слесарем в цехе по переработке нефти и глубокому обессериванию нефтепродуктов. В 2017 году, как только построили комплекс глубокой переработки нефти, перевёлся туда уже машинистом компрессорных установок.

- Как вы знаете, родители много лет отдали тогда ещё ГНПЗ имени Ленина. А я пришёл сюда лишь в 2013 году, - делится Аслан. – Я был молодым, амбициозным, пробовал себя во всех сферах, искал себя. Отец постоянно говорил мне: «Давай, иди на завод, я тебя порекомендую». И через какое-то время получилось так, что я всё-таки пришёл на завод.

По словам Аслана, именно тогда он понял для себя, что завод – это очень перспективное и стабильное место.

- Мне очень нравится моя работа. И я поставил цель перед собой, что, если позволит здоровье, то хочу доработать здесь до пенсии. Потому что, ещё раз повторюсь, самое главное в нынешнее время – это стабильность, её очень не хватает в нашей жизни. У меня растут дети, старший сын уже в этом году получит диплом о среднем техническом образовании по специальности «КИПиА», в дальнейшем планирует продолжить образование в вузе. Я, конечно, могу дать свои советы, напутствия, но выбор всё равно останется за сыном, он сам его должен сделать. И всё равно в глубине души мечтаю о том, чтобы мои сыновья тоже работали на АНПЗ, - заключил Аслан.

**Шынар ТЕКЕЕВА**
**Фото Данияра МУХАМБЕТОВА**



МОБИЛЬДІ ЗАУЫТ

# AMOZ ALEMI –АЛТЫН КӨПІР БОЛА АЛДЫ МА?

**2019 жылы Атырау мұнай өңдеу зауыты қызметкерлері мен кәсіпорын басшылығының арасындағы кері байланысты нығайту мақсатында «AMOZ ALEMI» телеграм-боты жұмысын бастаған болатын. Онда зауыт қызметкерлері өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, шешімін таппай жүрген мәселелерінің лезде шешілуіне қол жеткізу мүмкіндігіне ие болған еді. Бүгінгі күні боттың жұмысы өрге домалап, маңызды жаңалықтарды білу, асхана мәзірі, жарнама сынды бөлімдерінің де пайдасын көруде. Осы орайда зауыт қызметкерлері де чаттың пайдасы туралы оң пікірлерін білдірді.**

**Айгүл Нұрмұханова,**
**«ОЗЗ» СО лаборанты,**
*«Чат құрылғалы бері сұрақтарымызға жауапты тез алуға мүмкіндік алдық. Автобустарға, асханаға, қаржы мәселелеріне байланысты мамандар бірден жауап беріп отырады. Сонымен қатар зауыттың Бас директоры Арман Қайрденовтың кері байланысы көңілге сенім ұялатады. Жаңалықтар мен ойларды бірден чат арқылы жазып, барлық қызметкерлерге түсінікті болуын қамтамасыз етіп отырады».*



**Жасулан Мурзағалиев,**
**Мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісі, айналмалы сумен жабдықтау блогы қондырғысының аға аппаратшысы**
*«Бұл өте пайдалы чат деп айтар едім. Себебі сақтандыру жөнінде, олардың жұмыс кестесі, тіс емдеу клиникаларының мекенжайын, кәсіподаққа сұрақтарым жауапсыз қалмайды. Әсіресе, чат әкімшілігінің мамандары бірден жауап беруге тырысады. Сонымен қатар артық сөз жазылып, жеке бастың құқығына өтпеу сынды тәртіп те жақсы сақталған. Тіпті басқа жандардың қойған сұрақтарына берілген жауаптан өзіме көп нәрсені алып жатамын. Бір сөзбен айтқанда, чаттың жұмысы көңілімнен шығады және үнемі көмегі тиеді».*



**Қайролла Иманалиев,**
**ароматикалық көмірсутектер өндірісінің технологиялық сорғы машинисі**
*«Зауыттықтар үшін құрылған чатты қолдаймын. Өте дұрыс шешімдердің бірі деп есептеймін. Қажетті ақпаратты заман талабына сай тұшымды әрі тез алуға болатындығы ұнайды. Кей кездерде мекеме қызметкерлері мен ұйымдастырушыларға тым сыни пікірлер айтылғанды қолдамаймын. Себебі, еңбекті бағалау керек деп есептеймін. Асхана, медицина қызметкерлерінің де еңбегі ұшан теңіз. Дегенмен телеграммның арқасында біршама мәселе шешімін тауып, талай ақпараттарға қанығып келеміз».*

Үш жылға жуықтап қалған чаттың зауыт қызметкерлеріне пайдасы зор екені белгілі. Жылдан жылға жаңашылдыққа ұшырап, алға дамып келе жатырған чаттың маңыздылығы артқан. Ең алғашында көпке түсініксіз көрінген чатқа сұраныс артты. Бүгінде зауыттықтар жалақы бойынша есеп айырысу парағын жеке-жеке бот арқылы электронды түрде алу мүмкіндігіне ие.

**Арайлым ҚАБДЕШОВА**
**Суретке түсірген Данияр МУХАМБЕТОВ**

# ВНИМАНИЕ!

**УВАЖАЕМЫЕ ЗАВОДЧАНЕ!**
**Отчетная встреча генерального директора ТОО «АНПЗ» Армана Курметовича Кайрденова с делегатами трудовых коллективов структурных подразделений Товарищества по итогам 2021 года состоится 16 марта 2022 года. О месте и времени проведения будет сообщено дополнительно.**



# ЕКПЕ АЛУ – ЕРКІН ӨМІРГЕ ҚАДАМ

#МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ, АЛ СЕНШЕ? #Я ВАКЦИНИРОВАЛСЯ. А ТЫ? #МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ, АЛ СЕНШЕ? #Я ВАКЦИНИРОВАЛСЯ. А ТЫ?



**Марат Искаков**
Корпоративтік қаржыландыру және инвестициялар бөлімінің басшысы

«Мен коронавирустан екпе алуға саналы түрде келдім. Бұл инфекция өте қауіпті, сондықтан әрбір адам өзінің және жақындарының өмірі үшін вакцина алуы керек. Сонда ғана біз ұжымдық иммунитет қалыптастырамыз, ал бұл инфекцияның алдын алады, таралуына жол бермейді, қалыпты өмірімізге оралуға ықпал етеді»

#МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ, АЛ СЕНШЕ? #Я ВАКЦИНИРОВАЛСЯ. А ТЫ? #МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ, АЛ СЕНШЕ? #Я ВАКЦИНИРОВАЛСЯ. А ТЫ?



**Балтабаев Қажмұқан**
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер

«Мен өз еркіммен екпе алдым. Ешқандай жанама әсері болған жоқ. Қай кезде де екпе алған соң суға түспей, денені жылы ұстап, күтіну керек. Сол сияқты бұл екпені алған соң да өзіңе жақсы күтім жасайтын болсаң, теріс әсері болмайды. Жалпы, өзім ешқандай кері әсерін сезінген жоқпын. Қазір денсаулығым бірқалыпты»

#МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ, АЛ СЕНШЕ? #Я ВАКЦИНИРОВАЛСЯ. А ТЫ? #МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ, АЛ СЕНШЕ? #Я ВАКЦИНИРОВАЛСЯ. А ТЫ?



**Айбек Салимгерееев**
Көлік қауіпсіздігі жөніндегі инженер

«Мен үшін ең бастысы, өзімнің және отбасымның амандығы. Сол үшін де алғашқылардың бірі болып **коронавирусқа қарсы ревакцинация алдым.**Екпе өзімді де, өзгелерді де қорғауға мүмкіндік берері не сенемін. Әріптестерімді де вакцина салдырып, өзгелер үшін жауапкершілікті сезінуге шақырамын»

«НОВАТОР» басылымы
№4. 25 ақпан 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 227

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығының м.а. Ш.Какимжанова
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: Ш.Текеева,
А.Аймұратқызы.

Газет
Қазақстан Республикасының баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде 1992 жылғы 27 мамырда тіркеліп, тіркеу туралы №790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.

